Тесное сотрудничество с военными институтами позволит обогатить наш ОПК новыми идеями, а самое главное, квалифицированными кадрами. Плодами такой работы могут стать новейшие казахстанские разработки в области стрелкового оружия и боеприпасов, развитие в сфере БПЛА и искусственного интеллекта.



ӘСКЕРИ-ӘУЕ КҮШТЕРІНІҢ ҰШҚЫШТАРЫ A-400M ҰШАҒЫН ЖАТТЫҒУДА СЫНАП КӨРДІ



Әскери ұшқыштар Airbus Military авиаконцернінің Қазақстан әскерінің қару-жарақ қатарына жеткізілген әуе кемесін пысықтап, үйренуде.



Қазақстан Қорғаныс министрлігінің еуропалық компаниямен А400М ұшағын жеткізуге арналған келісімшарты ұшу және инженерлік персоналды оқыту қызметтерін, сондай-ақ техникалық қолдауды қоса ұйымдастыруды көздейді. Сондықтан А400М көп мақсатты әуе кемесіндегі алғашқы ұшу оқу-жаттығуын Airbus Military концернінің мамандарымен бірлесіп пысықтады. Бұл жолы Алматы авиациялық базасының

ұшу экипажы Алматы-Талдықорған бағыты бойынша және кері қарай ұшып жаттықты.

Ұшқыштар әуеге көтерілуден бастап қонуға дейінгі барлық жаттығулар кешенін, соның ішінде белгіленген бағыт бойынша ұшуды және айналып маневр жасауды пысықтады. Одан бөлек ұшақты басқару дағдыларын жетілдіруге, экипаждың өзара іс-әрекетін пысықтауға және көлік міндеттерін қауіпсіз орындау

ды қамтамасыз етуге көңіл бөлінді.

– Бірегей сипаттамаларымен ерекшеленетін А-400М ұшағы жедел-стратегиялық міндеттерді орындауға арналған. Күшқуаты жағынан бір рейсі алты С-295 ұшағымен бірдей. Біздің ұшқыштар Испанияда оқып келді. Енді Airbus компаниясының мамандарымен ұшу жаттығуларын өткіземіз. Олар бізге ұшақтың бар мүмкіндіктерін көрсетеді. Қазірдің өзінде Балқаш, Ақтау, Атырау қалаларына ұшып жаттықты, – деді әскери-көлік авиация эскадрильясы жедел жасағының командирі подполковник Асылбек Жұмабаев.

Естеріңізге сала кетелік, көп мақсатты ұшақ 8000 шақырымға дейінгі құрлықаралық қашықтыққа ұшуға қабілетті. Оның

ең жоғары жылдамдығы сағатына 802 шақырымды, ұшу биіктігі – 12 200 метрді. 37 тонна жүк көтере алады, шамамен 100 адам тасымалдайды. Мамандардың айтуынша, ұшақ ауыр техниканы, оның ішінде сауықты транспортерлерді, артиллериялық қондырғыларды және тіқұшақтарды тасымалдауға арналған. Әуе көлігін төтенше жағдайда гуманитарлық көмекті жедел жеткізу және әскерлерді тасымалдау үшін пайдалануға болады.

Әмбебап көлік тек бетоннан жасалған ұшу-қону жолағына ғана емес, арнайы дайындалмаған жерлерге де қона алады. Келесі Airbus А-400М әскери-көлік ұшағын жеткізу жоспар бойынша Қазақстанға 2026 жылы жүзеге асады.



ҰШҚЫШСЫЗ ҰШУ АППАРАТТАРЫ

2024 жылы Қазақстан армиясының құрамаларында және әскери бөлімдерінде ұшқышсыз авиациялық жүйелер бөлімшелері құрылды.

Мемлекет басшысының – Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас Қолбасшысының тапсырмасы аясында Қазақстан армиясын жоғары дәлдікті және жоғары технологиялық қару-жарақпен, соның ішінде ұшқышсыз ұшу аппараттарымен жабдықтау басым бағыттардың бірі болып саналады.

2024 жылы Қазақстан армиясының құрамаларында және әскери бөлімдерінде ұшқышсыз авиациялық жүйелер бөлімшелері құрылды. Бүгінде қару-жарақ құрамында барлаушы-соққыш ұшқышсыз ұшу аппараты Wing Loong және барлау ұшқышсыз ұшу аппараты Skylark бар. Түркияның қазіргі заманғы ұшқышсыз ұшу аппараты ANKA тәжірибелік әскери сынақтардан сәтті өтіп, қару-жараққа алынды.

Мамандар ұшқышсыз ұшу аппараттарын қолдану бойынша халықаралық тәжірибені белсенді түрде зерттеуде.

Екіжақты әскери ынтымақтастық шеңберінде Қазақстанның Қорғаныс министрі, генерал-полковник Руслан Жақсылықов Түркиядағы Saha EXPO-2024 халықаралық көрмесінде болып, Baykar Defense компаниясының бас директоры Халук Байрактармен келіссөздер өткізді. Тараптар еліміздің аумағында жедел денгейдегі тактикалық ұшқышсыз авиациялық жүйелер мен барражды оқдарілер өндірісін оқшаулау мәселесі бойынша Жол картасын әзірлеу туралы келісімге келді.

Кейінірек, Қазақстан әскери делегациясы Ыстамбұл мен Анкараға сапары кезінде әскери BAYKAR, HAVELSAN, ASELSAN және TRANSVARO компанияларының зауыттарында, өндірістік шеберханаларында, жобалау бюроларында болып, олардың өндіріп жатқан өнімдерімен толық танысты.

Sonlu және Kesap оқу-сынақ полигонында түрік мамандары Bayraktar AKICI, Bayraktar TB3, Bayraktar TB2,

Bayraktar Kalkan ұшқышсыз авиациялық жүйелерін және Mosquito X барражды оқдарілері өнімдерін практикалық түрде таныстырды.

ASELSAN және HAVELSAN компанияларының кәсіпорындарында қазақстандық сарапшылар жерүсті басқару радарлары, биіктік өлшегіштер, дрондарға қарсы жүйелер, географиялық талдау жүйесі, әртүрлі симуляторлар мен кешенді жалпыәскери операцияларды имитациялық модельдеу құралдарымен танысты.

Келіссөздер нәтижесінде Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен BAYKAR компаниясы арасында жұмыс кездесуінің хаттамасына қол қойылды, онда түрік тарапының Қазақстан Қарулы Күштеріне Bayraktar Kalkan, Bayraktar Mini ұшқышсыз авиациялық жүйелерін және Mosquito X операциялық барражды оқдарілерді әскери сынақтар өткізу үшін тегін беруге ниеті расталды.

Сондай-ақ ұшқышсыз ұшу аппараттарына қарсы құралдар әзірленіп, зерттелуде. Алматы қаласындағы Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтының мамандары ұшқышсыз ұшу аппараттарына қарсы қару-жарақтың тәжірибелік партиясын жасап, оны қазіргі уақытта тәжірибелік пайдалану кезеңінен өткізіп жатыр. Бұл құрылғылар ұшқышсыз ұшу аппараттарына қарсы күресу үшін арналған, бұл елдің қорғанысы үшін өте маңызды, өйткені дрондарға қатысты қауіптер өсіп келеді.

Қазақстан сондай-ақ жабдықтар жеткізуді әртарапандыру аясында батыс компанияларымен де жұмыс істейді. Алдағы жоспарларда – кедергілер стансаларын және дрондарға қарсы қаруларды сатып алу, бұл әуе кеңістігін қорғау және дрондарға қарсы күрес мүмкіндіктерін кеңейтуге мүмкіндік береді.



ASTANA IT UNIVERSITY ӘСКЕРИ КАФЕДРАСЫ

2025 жылдың 20 қаңтарында Astana IT University әскери кафедрасы өзінің бес жылдығын атап өтті. Осы жылдар ішінде кафедра әскердің қорын толықтыру үшін 455-тен астам офицерлер мен 392 запастағы сержанттарды шығарды.

Әскери кафедра Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 20 қаңтардағы бұйрығына сәйкес құрылды. Әскери кафедраның құрылуы запастағы офицерлер мен сержанттарды даярлау ісіндегі маңызды кезең болды және әскери-патриоттық рухты қалыптастыруда және жастарды тәрбиелеуде шешуші рөл атқарады.

Қазіргі уақытта кафедрада әскердің бай тәжірибесі бар 30-дан астам қызметкер жұмыс істейді, 2022 жылдан бастап әскери кафедраны генерал-майор Аширов Александр Каримович басқарады.

Жыл сайын киберқауіпсіздік, геоақпараттық жүйелер және автоматтандырылған басқару жүйелері сияқты әртүрлі әскери есеп мамандықтары бойынша оқитын студенттер келеді. Кафедра түлектері алған білімдерін азаматтық салаларда да, Қарулы Күштерде де мансабын жалғастыра отырып, тәжірибеде табысты қолданады. Кафедрада Astana International University және дене шынықтыру және бұқаралық спорт академиясы (APEMS) сияқты басқа жоғары оқу орындарының студенттері де оқиды.

Бес жыл ішінде кафедра айтарлықтай жетістіктерге жеті, қызметкерлер мен студенттер экспорт бағытын белсенді дамытуда, осылайша келесі нәтижелерге қол жеткізілді:

2024 жылдың 24 ақпанында "AITU Military CTF" жарысында 15 студенттік команданың ішінен әскери кафедра командасы бірінші орынды иеленді.

2024 жылдың 5 сәуірінде "AITU Military CTF: Digital Fortress" ЭКСПО МВЦ жарыстарында 15 студенттік команданың ішінен әскери кафедра командасы екінші орынға ие болды.

2024 жылдың 17 мамырында "FR13NDS AITU CTF" жарысында 15 студенттік команданың ішінен әскери кафедра командасы екінші орынға ие болды.

Бұл іс-шаралар тәжірибе алмасу, білім мен дағдыларды көрсету және киберқауіпсіздік мамандарын даярлаудағы AITU рөлін нығайту үшін маңызды алаңға айналды.

Әскери кафедраның қызметкерлері мен студенттері ғылыми зерттеулерге және оқу процесіне жаңа технологияларды енгізуге белсенді қатысады. Заманауи тренажерлер, мамандандырылған бағдарламалар мен зертханалар студенттерге теорияны меңгеріп қана қоймай, практикалық дағдыларды алуға көмектеседі.

Кафедраның бес жылдығы – оның табысты жұмысының және білікті мамандарды даярлауға қосқан үлесінің айғағы болып табылатын маңызды кезең. Astana IT University білім беру процесін жетілдіруге және оқытуға инновацияларды енгізуге ұмтыла отырып, дамуын жалғастыруда.

**Амира Мұқашева,
Astana IT University студенті**





A-400M - ОПОРА В ВОЗДУШНОЙ ЛОГИСТИКЕ И МОБИЛЬНОСТИ ВОЙСК

В декабре прошедшего года летный парк Военно-воздушных сил ВС РК пополнился военно-транспортным самолетом А-400М. Это уникальный военно-транспортный самолет со стратегическими возможностями, доставляющий грузы в нужное место. Его большой грузовой отсек позволяет перевозить большую часть тяжелых и негабаритных грузов военного и гуманитарного назначения, а также доставлять их на взлетно-посадочные полосы без твердого покрытия.



<p>Высота полета</p> <p>12,2 км</p>	<p>Практическая дальность</p> <p>7870 км</p>	<p>Масса (кг)</p> <p>Грузоподъемность – 37 тонн</p>
<p>Максимальная скорость</p> <p>802 км/ч</p>	<p>Страны-эксплуатанты:</p> <p>Германия, Франция, Великобритания, Испания, Турция, Бельгия, Малайзия, Люксембург</p>	

ГАБАРИТЫ

Размах крыльев – 42,4 м
 Длина – 45,1 м
 Высота – 14,7 м

Может перевозить тяжелые и крупногабаритные грузы, например, тяжелую бронетехнику, вертолеты или специализированное строительное оборудование, и доставлять их на большие расстояния на высокой крейсерской скорости. Это делает его незаменимым в условиях Казахстана с большой территорией и обширным воздушным пространством.

Самолет может взлетать и садиться на неподготовленные полосы, способен работать в самых сложных климатических условиях.

А400М позволит оперативно перебрасывать военнослужащих и военную технику из одной части Казахстана в другую в любое время года и при любых метеоусловиях.

Летный и инженерно-технический состав прошел теоретическую переподготовку по управлению и обслуживанию авиатехники. Представители концерна передали требуемую технологическую информацию по обслуживанию самолета, с тем чтобы в дальнейшем казахстанские специалисты могли самостоятельно его обслуживать и проводить соответствующие регламентные мероприятия.

ТРАНСПОРТНЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ

2x20-тонных контейнера

20 военнослужащих, автокран, поддоны для военных грузов

20 военнослужащих, 2 БМП-2

Вертолет МИ-24



РАДИОЧАСТОТНОЕ ОРУЖИЕ ПРОТИВ РОЕВ БПЛА

Министерство обороны Великобритании проводит испытания перспективного радиочастотного оружия направленного излучения (RFDEW), предназначенного для борьбы с дронами.



Фото Министерство обороны Великобритании

направленных радиоимпульсов, которые выводят из строя бортовую электронику дронов.

В отличие от лазерных систем, эффективных против отдельных беспилотников, RFDEW способна уничтожать сразу группы дронов. Во время испытаний система ПВО успешно обнаруживала и поражала рой целей на расстоянии.

Еще одним преимуществом системы является низкая стоимость одного «выстрела», составляющая всего 13 центов. RFDEW полностью автоматизирована, отличается высокой точностью, эффективностью и доступной ценой. Системой может управлять один оператор, а ее установка возможна на любой транспортной платформе.

Учитывая растущую роль беспилотников в современных конфликтах, разработка средств борьбы с одиночными дронами и их роями становится актуальной задачей по всему миру.

Разработчики из подразделения испытаний и разработок Королевской артиллерии и 7-й группы ПВО сообщили об успешных испытаниях системы в Южном Уэльсе. Уникальность RFDEW заключается в использовании мощных

ДРОНЫ-КАМИКАДЗЕ НА СЛУЖБЕ У ЯПОНСКОЙ АРМИИ



Фото vpk-news.ru

Силы самообороны Японии планируют получить на вооружение 310 малых ударных дронов-камикадзе в 2026 финансовом году. Эта инициатива уже включена в проект бюджета на 2025 финансовый год, представленный Министерством обороны Японии, сообщает газета «Санкэй».

Как отмечает издание, Министерство обороны намерено использовать эти дроны для поражения вражеских транспортных средств и катеров, представляющих угрозу. В рамках подготовки к тендеру были проведены испытания дронов израильского, австралийского и испанского произ-

водства. На приобретение этих ударных дронов планируется выделить 3,2 миллиарда иен (примерно 20 миллионов долларов). Кроме того, в проект бюджета включены средства на закупку других типов беспилотных летательных аппаратов. В частности, 41,5 милли-

арда иен (около 261 миллиона долларов) пойдут на приобретение крупных дронов для морского наблюдения, 4 миллиарда иен (25 миллионов долларов) - на корабельные дроны, а 1,2 миллиарда иен (7,5 миллиона долларов) - на транспортные беспилотники.

ПУЛЕМЕТ С ИСКУССТВЕННЫМ ИНТЕЛЛЕКТОМ

Подрядчик Пентагона Allen Control Systems (ACS) представил автономную роботизированную систему «Bullfrog», оснащенную искусственным интеллектом, для борьбы с небольшими дронами. Как сообщает издание Wired, испытания системы прошли успешно.

Генеральный директор ACS Стив Симоли отметил, что ключевой задачей разработчиков было создание полностью автоматизированного решения, способного эффективно уничтожать высокоскоростные беспилотные летательные аппараты.

«Bullfrog» представляет собой пример нового поколения вооружений, активно разрабатываемого военными. Например, в этом году армия США начала тестировать на ближневосточном полигоне робособак, оснащенных штурмовым оружием.

Как подчеркивают в ACS, «Bullfrog» намного дешевле в использовании по сравнению с гораздо более дорогими и сложными лазерными и микроволновыми системами. Остается убедить



Фото Allen Control Systems

заказчиков в том, что система полностью готова к автономному использованию, поскольку до сих пор существу-

ет жесткое требование - разрешение на открытие огня дает исключительно оператор.

ТАНК С ДВИГАТЕЛЕМ НА ВОДОРОДЕ

Южнокорейская компания Hyundai Rotem, подразделение концерна Hyundai, объявила о разработке танка с водородным двигателем. Новая боевая машина будет использовать технологию водородных топливных элементов, что обеспечит ему бесшумность и низкий уровень теплового излучения по сравнению с традиционными танками.



Фото Hyundai Rotem

Обычные танки, работающие на дизельных двигателях, отличаются высоким уровнем шума и ярким тепловым излучением, что делает их легко заметными для противника. Применение водородных топливных элементов позволит значительно повысить скрытность танка, снизив его звуковую и тепловую заметность. Кроме того, такая технология обеспечит танку более высокую мощность, увеличит его мобильность и улучшит характеристики при движении по бездорожью. Новый танк будет оснащен передо-

выми системами, включая технологию автономного вождения, встроенный дрон для разведки, а также мощную 130-миллиметровую гладкоствольную пушку. Для повышения защиты и скрытности конструкция танка будет выполнена из современных радиопоглощающих материалов, что затруднит его обнаружение радарными.

По заявлению Hyundai Rotem, серийное производство и поставки танков с водородным двигателем запланированы на 2040 год.

САМЫЙ БЫСТРЫЙ ПЛАВУЧИЙ МОСТ



Фото General Dynamics European Land Systems

Европейское подразделение американской компании General Dynamics передало Швеции систему плавучих мостов и паромов МЗ, предназначенную для переправы тяжелой военной техники, включая танки, через водные преграды.

Одним из ключевых преимуществ МЗ является высокая скорость развертывания. Например, во время учений НАТО «Анаконда» в Польше в 2016 году инженерным подразделениям Великобритании и Германии потребовалось чуть более 30 минут, чтобы построить 350-метровую переправу через реку Вислу.

Система МЗ состоит из отдельных

модульных плавсредств, внешне напоминающих катера. В воде они соединяются между собой, образуя устойчивый мост, способный выдерживать нагрузку тяжелой техники. Кроме того, эти модули могут использоваться по отдельности для транспортировки крупногабаритного оборудования.


Быстрота развертывания и универсальность делают МЗ крайне

полезным в условиях современного боя. Система успешно функционирует в различных климатических и географических условиях, уже стоит на вооружении в ряде стран, включая Великобританию и Германию, и принимала участие в локальных конфликтах. Швеция стала очередным государством, решившим внедрить МЗ в свои вооруженные силы.

МИКРОВОЛНОВАЯ «ЗВЕЗДА СМЕРТИ»

Китайские ученые успешно завершили испытания экспериментального боевого микроволнового излучателя, работающего по принципу, напоминающему знаменитую «Звезду смерти» из «Звездных войн», сообщает издание South China Morning Post (SCMP). Ранее реализация подобной технологии считалась крайне сложной.

Иллюстративное фото



Новый тип микроволнового оружия позволяет синхронизировать и фокусировать электромагнитные волны в

одной точке, создавая мощный энергетический луч для поражения целей. Устройство включает в себя несколь-

ко разнесенных платформ, которые излучают микроволны, а затем собираются в единый направленный луч.

Одной из главных технических задач было достижение сверхточной синхронизации между платформами. Для этого время рассогласования нужно было сократить до 170 пикосекунд — значения, превышающего точность атомных часов, используемых в спутниковых системах GPS. Однако китайские инженеры смогли преодолеть эти трудности и создали рабочую систему, состоящую из семи излучателей.

По данным SCMP, испытания показали, что система может эффективно подавлять сигналы GPS и других спутниковых систем, а также успешно атаковать сразу несколько целей.

Для справки: «Звезда смерти» из вселенной «Звездных войн» представляла собой гигантскую космическую станцию, вооруженную суперлазером, способным уничтожать целые планеты. Ее размеры достигали 160 км в диаметре, а сложная структура состояла из 84 уровней с сотнями подуровней.

ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 80 ЖЫЛ

8

ЖАРАЛЫ ЖАУЫНГЕРДІҢ ЖАН СЫРЫ

Газетіміздің өткен аптадағы санында, яғни 24-ші қаңтардағы №3 (2170) шығарылымында Әбдіхан Жағыпаровтың 1943 жылы госпитальда жатқанда жазған жыр жолдарын жариялаған болатынбыз. Соның жалғасын оқырман назарына ұсына отырып жыр авторына қатысты аз-маз мағлұмат бергенді де жән көрдік.

Жағыпар Ділдабайұлы мен оның жары Рысалды Әмірқызынан 13 бала дүниеге келген екен. Көпшілігі жастай аурудан, XX ғасырдың басында қазақ халқының басына келген түрлі қиыншылық жылдары қайтыс болып, сол 13 баладан 3 перзент қана қалған. Олар: Әбдіхан, Сырғаш және Рәш.

Ұлы Отан соғысы кезінде Қарағанды облысы, Қарсақпай кентіндегі Жезқазған біріккен аудандық әскери комиссариатынан 1942 жылы 25 маусымда Оңтүстік Урал әскери округі Шұбаркөл әскери лагерлеріндегі 32-запастағы шаңғышылар полкіне аттандарылған 400 азаматтың тізімінде Әбдіхан атамыз 226-шы болып, ал қарындасы Сырғаштың жолдасы Наурызбаев Жұмабай (1905-1943 ж.ж.) 241-ші болып бірге аттанған екен.

Алғашқы дайындықтан кейін Әбдіханды артиллериялық даярлау бөліміне ауыстырған. Онда ол 1942 жылдың күзінде Дон өзені бойындағы шайқастарға кіріп, 1943 жылы 11 ақпан күні ұрыста жараланады.

Сәуір айында емделіп госпитальден шыққаннан кейін Курск иініндегі Ольховатка елдімекені төңірегінде 1943 жылғы шілденің 5 мен 18-і аралығында болған ауыр шайқастарға қатысады. Таңертең ұрысқа кірген 4 000 жауынгерден кешке 17 адам ғана қалған. Күн-түн тоқтаусыз жүрген ұрыстардың 12-тәулігінде жаудың кезекті артиллериялық атысынан жеті жерінен снаряд жарқыншағымен ауыр жараланады. Онымен қоймай, жарылыстан кейін топырақ денесін жартылай жауып қалады. Ес-түссіз жаралы күйде жатқанда «аян бергендей» болып ауылдағы інген түйе келіп, жанына шөгіп, Әбдіханға өркешіне мінуне ыңғай жасайды. Сол түйенің өркешіне мінуге ұмтылған шалажансар жауынгер өмір үшін арпалыса қозғалғанда топырақтың астынан шығып, есі кіреді. Мұны байқаған жауынгер серіктері жарақаттарын таңып, бірнеше жаралылармен қоса уақтылы санбатқа жөнелтуге ұлгереді.

Бұл арада бірнеше күндер бойына тоқтаусыз жүрген ұрыстарда жеке құрамы көп шағынға ұшыраған әскери бөлімнен елге «Отан үшін майданда қаза тапты» деген ресми хабарлама – «қаралы қағаз» кетіп те қалған екен.

Жалғыз ұлдың бұл хабарына кәрі ата-анасы қабырғалары қайысып, көңіл айтып, батасын жасаған елге ас-суларын беріп те қояды. Содан алыстағы малшы ауылдағы соғыс кезіндегі көңілсіз күндердің бірінде аңшылық қасиеті бәр әкесі Жағыпар Ділдабайұлы тамақ болар аң аулап, қарындасы Рәш үй шаруасымен әбiгерленіп жатады. Содан анасы Рысалды Әмірқызы биеісін сауып, месті киіз үйдің сыртына байлайын деп жатқанда көзі алыста шауып келе жатқан аттылы адамға түседі. Сондағы анасы өз естелігінде: «Бір адам атпен шауып келе жатып, қолы көтеріп, бірдеңе деп айқайлайды. Оны мен естімеймін. Аңтарылып қарап тұрмын. Бұл сорлы сонша неге айқайлайды, несіне жетісіп келе жатыр? «Қаралы» үйіге қарай отпен сонша шапқаны несі?» - деп көңілі қамығып тұрады. Содан шапқан аттылы жақындай бергенде: «Сүйінші! Сүйінші! Әбдіханнан хат келді!» деген дауысын анық естігенде анасының бүкіл бойы босап, қолындағы мөсі түсіп, төгіледі.

Хабаршының әкелген хатын қарындасы Рәш оқып береді. Сонда анасы: «Өлгенім тірілді! Өшкенім жанды!» – деп, жылап-еніреп, сүйіншіге үйдегі інген түйені жетектетеді. Хабаршы: «Ау, мөсіңіз төгіліп жатыр ғой!» дегенде барып қана есін жинап, месті көтеріп, белдеуге байлайды. «Қуанған да бір, қорыққан да бір!» деген сол екен» – деп еске алады екен.

Сол екінші рет алған ауыр жарақаттың салдарынан бірнеше госпиталь ауыстырған Әбдіханды біршамадан кейін емі аяқталмаса да 1944 жылы майданға қайта жөнелтеді. Бірақ ескі жаралары ашылып, дәрігерлік комиссия «соғысқа жарамсыз» деп танып, қайта емделуге бағыттайды.

Жеңіс сарбазы туған ауылына 1946 жылы оралып, еңбекке араласады. Шаңырақ көтеріп, ұрпақ өрбітеді. Қиын-қыстау жылдары азаматы азайып, шаруасы күйзелген елдің еңсесін көтеріп, халықтың жарқын болашағын құраған, бақытты бейбіт өмір алып берген майдангер ұрпақтың өкілі Әбдіхан Жағыпарұлы Ұлы Жеңістің 40 жылдығында бақиға жол тартқан.

<p>Ұлытаулық Бәрбасұлов Карим деген, Қаззақтан қасымдағы қалған солай. Атадан жалғыздыққа көнген басым, Дедім де көп жылдаым «сақта құдай!»</p> <p>Кідірмей бұл араға жүрдік ұрыс, Белгісіз кімнің соры, кімнің бағы-ай. Ұрысқа дәл кіруге келген кезде, Айырды Каримнен де мені тағы-ай.</p> <p>Көп жеттім, артиллерия адамы аз, Күз келіп қысылтанды өткен соң жаз. Қаззақтан бұвыр түгел қалғаны жоқ, Еркелеп бас ауырса қылатын нәз.</p> <p>Жетінші берді мені батриға-ай (батереяға), Жүгіред көңіл шіркін көп қиналған. Күміспек, Ишанбек пен Жаңғылды, Қағазда өттары бар осыарадан.</p> <p>Ішіне қалың ағаш барып кірдік, Көріңбейді адам түгіл ұшқан қарғаң. Сайлаубай, Төлен көрдім қос жетімді, Қабыл боп көздің жасы осы арадан.</p> <p>Октябрь мейрам өткен соң, Кіреміз ұрыс шамада-ай. Іштегі шерді шығардым, Жолығып Төлен балаға-ай.</p> <p>Ұрысқа кірдік сонымен, Дон өзені қалың тал, Мамонювка бөлімен, Жағалап жауды біз құдық, Тұрайекөл көлінен.</p> <p>Гинүар (январь) айы Жаңа жыл, Төлен өтті жалғаннан. Жаудың тиіп қол оғы, Өрт шығып күйірг көріңнен.</p>	<p>Елігін көзбен көргем жоқ, Соғыс болып сол күн түнімен. Жолдасынан естідім, Бірге жүрген мұрымен.</p> <p>Соғыстық тынбай жеті күн, Қатты шықпай дауыс үн. Жауды жөңіп біз алдық, Сегізінші біз бір түн.</p> <p>Жауды құып жеттік біз, Өзінің салған жолымен. «Қош Әбекө, сау бол!» деп, Қолымды алған қолымен.</p> <p>Бозбен бірге жармен, Арықпен семіз қоммен. Айрылға қыспай, Көбірек тұрдық сонымен.</p> <p>Жарықтық тұрған дүние-ай, Араласқан бармен. Жыласып зорға айрылдық, Бейнеті екен сорымен.</p> <p>Осымен Төлен жайы қалсын тұрып, Бұл жерден пибралда (февральда) кеттік жүріп. Жау қырып Төлен құнын алғаның, Ілгері жүрдік тағы жауды құып.</p> <p>Сайлаубай, Карим жолдас, Мұхамбетжан, Төленді айтқан маған бұлар біліп. Он бірі дивралдың (февральдың) дәл сол күні, Кариммен бір қалға келдік кіріп.</p> <p>Қалада қатты соғыс болып тағы, Күн бата маған да кеп тиді бір оқ, «Сен кеттің, мен қалдым» деп көлденеңдей, Көзіме елестейді дүние бoқ,</p> <p>Сол жерде оқ тиген соң қалдым құлап, Тіп келді қалмаға сыңсып жылап. «Оқ тиіп Жағыпаровке қалды» деген, Бір дауыс естелі қатты шықпап.</p> <p>Командир рудия [орудия] келді жетіп, Дірілдеп тұла бойы оқтап қорқып. Ол келіп көтере алмай тұрғанында, Көмекке старшина келді жетіп.</p> <p>Екеуі тік көтеріп үйге әкелді, Мен жаннан жатқаным жоқ үміт етіп. Кімді шешіп алып қарағанда, Тиіпті жүрек аман, тәсті жарып.</p> <p>Командир аққан қанды қолмен басып, Феніт [винті] жоқ, санитарды отыр тосып. Оқ қалған сыртқа шықпай сүбелікте, Барады тұрған жері жанға батты.</p> <p>Санбатқа әпаруға дайындалды, Пар атқа жайлап үстің шаңа жегіп. Күмісбек, Ишанбекпен төрт мұсылман, Әкелді қалғанымың бәрін жиып.</p> <p>Жаралы екеу болып санбат келдік, Жолдастар қаза берді жасын төгіп. «Әбдіхан сен қорықпа, жараң жеңіл!» Дегі айтты жарамызды доғдыр көріп.</p> <p>Жараны он бес минут болды байлап, Шопыр да машинасын тұрған сайлап. «Түкпш [Тажелый] мынау іштен жаралы» деп, Қойыпты жоғарыдан орын жайлап.</p> <p>Жыйылды бағыт үйге жеткізуге, Шопыр да машинаны келеді айдап. Не керек жолда жүрдік он бір сутка, Санитар ішімізде жара байлап.</p> <p>Машина солқылдатып соққанында, Қан шығып, жанға батып, қызыл қайнап. Бір городке Нови капер [Новохоперск] әкеп салды, «Жазатын ішкі рана осы орын» деп.</p> <p>Он күнде аппаратқа болад деді, Еберей түсі қара бір доғдыр кеп. Сол айтқан күндерінде оқты алды, Сүбеден жан тимеген қайшы салып.</p> <p>Сымбатты әбейғанды ақ сур қатың, Қынады өтпес қайшы қолына алып. «Тауекел не де болса бір өлім» деп, Мен жаттым бір Алланы кәуліме алып.</p> <p>Өтпейтін қайшыменен қынап жаңды, Мұңайып қыздар тұрды сүртіп қанды. Тез жазып сол жараны доғдыр врач, Екі айда комиссия құрып салды.</p> <p>Бұл жерде жолыққаным Зубайрахан, Өркімге жалғыз Алла паналаған. Әпрел [апрель] он бірінде «жарамды» деп, Тағы да жолға салды екіталай.</p> <p>Ауыр іс тағы түскен Әбдіханға-ай, Ұрысқа жіберген соң бұдан тағы-ай. Ұрысқа «передовой» жүріп кеттім, Дедім де жалғыз Алла пана дағы-ай.</p> <p>Осыдан «передовой» келдім жетіп, Шегініп қалған екен немес кетіп. Снаряд оқ аралас атуменен, Барады қызықты күн бәрі өтіп.</p> <p>Май, июнь оборонда екі ай тұрдық, Оқ атар траншея мен қазып құдық, Июльдің бесі күн – басталды ұрыс, Қашаннан неміс иттің пейлі бұзық.</p>
--	--

Қамығып хатты сол күн жаздым үйге, «Ей Алла, көз болам деп қандай күйге». Дірілдеп көңіл шіркін орыңқтайды, Ұрысқа шығатынды біліп түмде.

Снаряд ызылдайды, оқ шыпылдап, Дірілдеп бағанасын тартты бие. Около төрт мың адам ұрыс аштық, Он жеті адам қайтты кешке бізде.

Ұрыста болдым содан он екі күн, Атыстық демалыс жоқ күні мен түн. Өліктен аяқ басар ашық жер аз, Ұйқы жоқ, ыстық шілде, шықпайды үн.

Июльдің он сегізгі соғыс қатты, Аямай жауыз неміс оқты атты. Жаралы жеті жерден аскол [осколок] тиіп, Әбдіхан Алла сақтап, құлап жатты.

Көз көрген сау-саулапат жолдастарым, Мылтықтан ласел [носилка] қылып алып тартты. Бір Алла біз ғәріпті сақтаған соң, Санитар санбат жаққа әкеп қайтты.

Санбатқа көп ұзамай әкеп салды, Бірі боп мен де жаттым болып көптің. Ыңырсып, ыңқылдаған талай сабаз, Көз көріп, өзімді-өзім шүкәй еттім.

Болғанда сағат сегіз көмек берді, Тіоі қиын екен өшерттің [очередьтің]. Қыындық бәрі келіп, басым орнап, Сол күні бәрін көрдім қасіреттің.

Бұл орын көп ұстамайд жарақатты, Машина дайын тұрған алып тартты. Солқылдап тас жолмен сүргенінде, Ес кетіп, жарақатым жанға батты.

Ыңырсып көзді жұмып жата алмаймын, Жан шіркін мұнша неден болдың тәтті? Өз денең өзіңе ауыр, көтере алмай, Құс мамық жамбастағы тиеді қатты.

Жүрекке ас батпайды бой тітіреп, Бәрінен шыбын жаңық болып тәтті. Сурайды сағат сайын қал жайымды, Дайын ғып тамақ әкеп, түрлі тәтті.

Үш күн боп бұл арадан тағы жүрдік, Тоқтатпайды болған ауыр жарақатты. Жаралы жан қалған соң Алла сақтап, Білдіріп тірілік үйге жаздым хатты.

Станция Золотухин деген жерден, Тағы да поезбенен алып тартты. Үкімет төбесің қандай жақсы, Поэзы үйден артық болған бапты.

Ел шіркін еске түсу хабарда жоқ, Бәрінен шіркін жаңық болып тәтті. Күмістің реңіндей айыратын, Поэзы үйден артық қандай бапты.

Ел шіркін еске түсу хабарда жоқ, Бәрінен шіркін жаңық болып тәтті. Күмістің реңіндей айыратын, Поэзы үйден артық қандай бапты.

Ет кесу өтіңізден оңай емес, Жасаған апараты [операция] жанға батты. Бес күн боп бұл арадан тағы кеттім, Уфаға БАССР алып тартты.

Бұл дағы атақты горт [город] сондай керім, Госпиталь толып жатыр бөлім-бөлім. Лайықты бізге бірін ұсынған соң, Орнығып осы араға шегім бөлім.

Елестеп көңілде аз қуаныш бар, Алыста емес қандай мекен жерім. Хат жазып елден хабар алғандым, Жақын тұр осы араға туған елім.

Хат пенен телеграмма қабат беріп, Көңілім орныққандай алдым демім. Хат жаздым туған-туыс жөжәқтарға, Хабар бер ұмытпаған дедім бәрің.

Орнығып екі-үш айдай болармын» деп, Оқиға бастан өткен жаздым беріп. Ұйқы мен тамақ ішу қалдым емес, Қыналып ыңырсымайын шыбын жаңым.

Тамақ көп, бағым құшті, орын жайлы, Не керек дайын болай, тұрсаң бәрі. Врач сәгат сайын қарап тұрады, Ауруың не боп жатыр, қандай халың.

Көпшілік ауру бағу оңай емес, Қабағын шығармастан табанд бабын. Ауруды сауықтырып адам қылмақ, Жаздырып денендегі оқтың зарын.

Сөзім көп ойға алған жаза берсем, Оң қолмен қарындаштық соңына ерсем. Жалғасын тағы келіп жіберермін, Өзірше осы хатым бара берсін.

Аз күнгі бастан өткен машихаттың, Сақтаймын көңіліме айтпай несің. Арман сол көңілдегі ойға алған, Семья, ата-анамды аман көрсем.

Қорқамын үмітпен хабар алмағанға, Бауырым Рәш, Сырғаш қайда жүрсің? Көкесі бірге туған алдында жоқ, Көтеріп көңілдерін қайтіп күлсің.

Сырт бүтін, іші түтін жүрген болар, Сыр білмес сыртқы тосын қайдан болсын. Оларға басшы болып ақыл айтар, Ата-ана алдындағы тірімісің?

Кеуліңде еш арманы қалмас еді, Алдында тірі жетіп мен бір жүрсем. Ажалға Алла тағала сабыр етіп, Құлым деп мен ғәріпке тілек берсең.

Бір Алла мен ғәріпке берген тілек, Ет арып, жіңішкерді қолда білек. Әкешім алдарында тірі болса, Шаруасын кетпес еді-әу ешкім билеп.

Мен жүрмін болса дағы Отан үшін, Бір Алла босатпаса етіп себеп. Қолында Сырғаш, Рәш әкейде жоқ, Анашым отыр ма алде болып кебек.

Құдай-әу мен ғәріпті босатқасын, Басуға аяқ келді ақсай демеп. Ас бөтпайды жүрегіме, тұн ұйқы жоқ, «Ай жат» деп доғдыр врач алде не дейді.

Осымен өнді аяғың жоқстаймын, Өленді жаздым аулап көңіл жайын. Пенделік біз күнәяр айтамыз ғой, Жазуы болар ақыр бір құдайдың.

Айырған аз күн бейнет, бұйырған дам, Бауырлас туысқан мен жақымынан. Болмады бір күнгідей көрген бейнет, Жеткерсе Ақ тағала ақырынан.

Уфадан алты айдан соң кеттім тағы, Жігіттің тіршілікте Алла жағы. Қаншама қиыншылық көргенменен, Жар болса жаратушы ердің бағы.

Уфадан шығып бардым Ұландыға (Улан Удэ), Саналмай, сіра, менен күн қалды ма? Уфадан Ұландыға жіберген соң, Өзімді тағы жолға үйғардым да.

Ұланды барып түстім он бір күнде, Әрі ойшып, әрі шешен мен бұл күнде. Түс көріп неше түрлі бұл сапарда, Жордым жетермін деп жақсы күнге.

Ұланды барғаннан соң үш ай жаттым, Жібермейді, көзім жетті бұл да үйге. Доғдыры қатқан қара қатын екен, Білмеймін көз боламын қандай күйге.

Госпиталь мекен еттім тоғыз айдай, Бәрін де шешетұғын бір құдай-ай. Кідіртпей тағы фронт аттандырды, Гвардия болмаған соң орын мұндай.

Бұл ара аттандырды жара жазбай, Қыс өтіп шыққаннан соң тірі жазға-ай. «Жазылмай жара қалай жазасың?» деп, Айтуда біз ғәріпте шамда бар ма-ай?

Бұл жерден жүретұғын жалғыз өзім, Естімін осылай деп айтқан сөзің. Гвардия шашты [часті] Горьки қаласында, «Барасың – деді – жалғыз соған өзің!».

Жиырма екі күн берді жетіме, Айтқан соң тура менің кетіме. Бет алып тағы фронт жүргеннен соң, Қиын жол бұл да маған секілденді.

Бұл городтан фронт болып шықтым жолға, «Бір Алла сапарымды – дедім – оңда!».

«Мен жалғыз, құдай жалғыз» дедім дағы, Документ кетім жүріп алып келдім.

Жол жүрдім поезбенен он екі күн, Өн салып, зарлы күймен шығарып үн. Горькидің қаласына келіп түстім, Апрель он үшінші келетін түн.

Он үш апрельдің көлдім шашты (часті), Шерменде өткен Алла барлық жасты. Әрине гвардияны көп ұстамайд, Кийінген маршбойға [маршевая рота] келіп қосты.

Он төрті апрельдің жүрдік ұрыс, Жолдасым жаңындағы бәрі орыс. Сақтылдап шагом маршты жүргенімше, «Жазарың маршбойға – дедім – дұрыс».

Ұрысқа бұдан жүріп жеттік барып, Жатқанда «Западный» [Западный фронт] қары еріп, Жарамды, жарамсызды айыруға, Аралап комиссия келді көріп.

Көзімен комиссия көргеннен соң, Шығарды «Жарамсыз!» деп мені бөліп. Жарамсыз тоқсан жеті адам болып, Қалаға Қаржол [Харьков] деген түстік келіп.

Орнығып бұл қалада тұрдым содан, Наны мен суын ішіп бар бұйырған. Орнығып бір орында тұрғанан соң, Жиллеп хатта келді жан бауырдан.

Хат жазған жилетіп тынбай шора, Мал көп жел асқап жазада Сарысу тала. Жағдайым бұл қалада жақсы жүрдім, Жаратқан жалғыз Алла болмай пана.

Осындай жақсы күнде жүргенімде, Ашылып екі ай жаттым ескі жара. Тоғыз май айының соғыс тоқтап, Жақсылық қуанышпен болды және.

Жақытпен осы бір жүз он бес ауыз, Қабықты бұл сөзімде бар ма қуыс? Соғысқан бес жыл бойы демін алмай, Осылай аяқталды неміс жауыз.

Уфа қаласындағы госпитальда жарақатпен жатқан Жағыпаров Әбдіханның өлеңі 1943 жылғы 7 қарашада басталып, 1945 жылы аяқталған

Сөз соңында...
Соғыс кезінде түрлі аласапыран жағдайда сарбаздарды уақтылы есептеп, түгендеу, мәліметтерді толық жинау, тіпті жерлеу де қиын болғаны белгілі. Осы күнге дейін боздақтарын іздеген әулеттер мен отбасылар әлі де бар. Тағдыры 80 жылдан кейін де анықталып жатқан сол батыр ұрпақтың жауынгерлері де бар.

Осы өлеңде аталған жауынгерлер туралы Жезқазған біріккен аудандық әскери комиссариатының әр жылдардағы мәліметі:

Қасқабаяв Мұхамбетжан 1919 ж.т. – 1942 жылғы желтоқсанда «хабарсыз кеткен».

Сержант Оралбаев Карим 1923 ж.т., бәлімше командирі - 1943 жылғы желтоқсанда «хабарсыз кеткен».

Жақыпов Күмісбек 1912 ж.т. – 1943 жылғы желтоқсанда «хабарсыз кеткен».

Жақыпов Ишанбек 1915 ж.т. – 1943 жылғы желтоқсанда «хабарсыз кеткен».

Наурызбаев Жұмабай 1905 ж.т. – 1943 жылы желтоқсанда «хабарсыз кеткен». Ал расында туысқан інісі Жараспаев Досымбек [1918-1989 ж.] өз қолымен ұрыста қаза болғанда жерлейді, бірақ өзі де бір жақ бетін оқ жұлып, ауыр жараланып, бөлім басшылығына мәлімет берілмей қалады.

Жанайдаров Қасымбек 1922 ж.т. – 1944 жылғы мамырда «хабарсыз кеткен».



Қарашолақов Қасымбек 1905 ж.т. – 1943 жылғы наурыз-да «хабарсыз кеткен».

Саркеев Төлен 1923 ж.т. - 1944 жылғы мамырда «хабарсыз кеткен». Ал осы өлеңде 1943 жылы қаңтарда ұрыста қаза болғаны айтылады.

Таукебаев Сайлаубай 1905 ж.т. - 1943 жылы тамызда «хабарсыз кеткен».

Бәрбасұлов Карим – мәлімет табылмады.

Зубайрахан – мәлімет табылмады.

ҚР Қорғаныс министрлігінің тапсырысы бойынша шығады

Меншік иесі: «ГИС Әскери Медиа» ЖШС

Шығарушы редакторлар **Тимур АУБАКИРОВ** **Ерлібай ҚАДЫРБАЙ**

Тілшілер: **Рима ӘБЕУОВА** **Нариман ДЮСЕНОВ** **Марат ЖҮНИС-БЕК**

«Шығыс» ӨңК аймақтық тілші **Алуа ИСКАКОВА**


«Астана» ӨңК аймақтық тілші **Фархат КИНЖИТАЕВ**


Дизайнер **Адил ШЕРИМБЕТОВ**

Корректорлар **Сымбат НҰРХАЙДАРОВА** **Наталья ВАРНАВСКАЯ**


Газет «Сарбаз» деген атаумен 2007 жылдың 2-тамызынан бастап шығады. ҚР Инвестициялар және даму министрлігінде 2015 жылдың 30-сәуірінде тіркелген, куәлігі №5340-Г Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасымен әрқыз сәйкес келе бермейді. Қолжазба мен фотосурет рецензияланбайды және кері қайтарылмайды. Редакция автор материалын мазмұнын сақтай отырып өңдеуге, қысқартуға құқылы. Газет жұма күні шығады. Бағасы келісімді.

Редакцияның мекенжайы: ҚР, 010000, Астана қ., Есіл ауданы, Космосол тұрғын алабы, Домаляқ ана көшесі, 11 үй. Вебсайт: www.sarbaz.kz Тел/факс: 8 702 712 36 70 E-mail: INF@SARBBAZ.KZ Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылып шығады. Алматы қаласы, С.Мұқанов көшесі, 223-Б Көлемі 3 Б. т. Офсеттік басылым. Индекс 604204 Таралымы 473 дана Тапсырыс №4

 facebook.com/sarbaz.kz

 instagram.com/sarbaz.kz

 vk.com/sarbaz.kz

 twitter / @SarbazKz